

**ЖАҢАЛЫҚТАР**

# Әскерде қаза тапқан я мертіккен сарбаздардың туыстары биліктен армияны реформалауды талап етті

**Жолдас ӨРІСБАЙ**

10 қараша 2025 жыл, 16:30



Әскерде қаза тапқан я мүгедек болып қалған сарбаздардың туыстары биліктен армияны реформалауды талап етіп, үкімет үйінің алдына келіп тұр. Астана, 10 қараша, 2025 жыл.

Туысы, баласы азаматтық борышын өтеп я әскери қызмет атқарып жүргенде қаза тапқан бір топ адам 10 қарашада Астанадағы үкімет үйіне барды. Олар Қазақстанның қарулы күштерінде реформа жүргізуді, жапа шеккендерге әділ өтемақы төлеуді талап етті. Кешкісін президент Тоқаев бас прокурорға ата-аналардың арызын қарауды тапсырды.

Бұған қоса олар әскери істерді қайтадан қозғау, әділ тергеу жүргізу арнайы қоғамдық комиссия құру, әскери бөлімдердегі бейнебақылау жүйесін жаңарту, азаматтарды әскерге 25 жасқа толғаннан кейін шақыру сынды 10 шақты талабын

айтты. Олардың сөзінше, түстен кейін жиынға қатысуға келген 6 азаматты құзырлы орган өкілдері ұстап әкеткен.



## | ҰЛЫ ӘСКЕРДЕ ҚАЗА ТАПҚАН Я ЖАРАЛАНҒАН АНАЛАРДЫҢ ТАЛАБЫ

Дүйсенбі күні Астанадағы үкімет үйінің алдына жиналғандардың арасында әскерде жүріп қаза тапқан я мүгедек болып қалғандардың, оған қоса әскери қызмет атқарып жүріп сотталған азаматтардың туыстары да болды.

– Қаза тапқан және мүгедек болып қалған сарбаздардың отбасына әділ өтемақы төленсін. Біз, аналар, балаларымызды елді қорғау үшін жібердік. Олар Отан үшін кетті, бірақ кейбірі оралмады. Ал оралғандары мүгедек, жаралы, өмір бойына азап шегіп жүр. Ең қиыны, мұндай қайғының орнын ештеңе толтыра алмайды. Ал мемлекет тарапынан берілетін өтемақы мардымсыз. Әділдік жоқ, біз ердің құнына өтемақы тағайындауды талап етеміз! – деді жиналған адамдар.

Шучинск қаласындағы әскери колледжде оқып жүргенде басына оқ тиіп, ауыр жараланған Ұлан Мұсаевтың анасы Гүлмира Мұқажанова әділет таба алмай жүргенін айтып шағынды.

– Самайдан кірген оқ баламның басын тесіп шықты. Екі метр жердегі бейнекамера таспасы бүлінген. Сот-медицина сараптамасы қаруда баламның саусағының ізі анықталмағанын көрсетті. Бірақ автомат Мұсаев Ұланға тиесілі дейді. Сондай

сараптамалар жасалып жатыр. Бұл әділетті ме? - деді Гүлмира Мұқажанова назаланып.



### ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

"Өзін атты дегенге сенбеймін". Әскери оқуда жүріп ауыр жараланған Ұлан Мұсаевтың тағдыры

Оның ұлы Ұлан Мұсаев бас сүйегінің жартысынан айырылып, көзі көрмей, денесі сал болып қалған. Анасы әскери колледж өкілдерінің "Ұлан өзін атқан" деген сөзіне сенбейді. Тергеу орындары "Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу" бабымен қозғаған қылмыстық іс содан бері бірнеше рет тоқтап, қайта жанданғанымен әзірге еш нәтиже жоқ.

Ұлттық ұланның Астанадағы №6636-әскери бөлімінде қызмет атқарып жүргенде қаза тапқан Қайсар Сұлтановтың анасы Сәуле Тілеубергенова ұлы "өзін-өзі өлтірген" дегенге сенбейді. Оның сөзінше, Қайсардың иегінің астынан екі оқ тиген.

– Жеке сараптама жүргізген сарапшы ұлыңыз бірінші оқ тигеннен кейін-ақ қаза болған деп жазды. Видео жазбалар түгелдей жойылған. Әскери тергеу басқармасы іс бойынша ешқандай тергеу амалын жүргізбеген. Бірақ өзім жинаған айғақтар ұлымның қасақана өлтірілгенін дәлелдейді. Мен өзім үшін ғана емес, бүкіл аналардың атынан әділ тергеу жүргізуді талап етемін, сұрамаймын – талап етемін. Кісі өлтіргендер түрмеге қамалуға тиіс, – деді Сәуле Тілеубергенова.

Қазақстан қарулы күштерінің Құрлық әскерінің Астанадағы бөлімінде қызмет еткен Жохангир Сайлаубеков 2022 жылғы 18 қаңтарда әскери дайындық кезінде парашюті ашылмай қалып, қаза тапқан. Марқұмның анасы содан бері тергеу алға жылжымай отыр деп наразы.

– Он сарбаз секірген, ұлымның парашюті ашылмай қалған. Тергеу жүріп жатқанына екі жарым жыл болды. Әскери тергеу басқармасы жұмыс істемейді, – деді Гүлден Қоржымбекова.



## ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

Қазақстан қорғаныс министрлігі сарбаз қазасы жөнінде мәлімдеме таратты

Ал 2022 жылы Алматы облысы Жетіген ауылындағы Ұлттық ұлан бөлімшесінің полигонындағы дайындық кезінде қаза болған Алмас Шахимовтың анасы Индира Туғанбаева Ішкі істер министрлігінің "Шахимов боран кезінде үстіне палатка құлап, мерт болған" дегені сөзіне сенбейді. Сарбаздың қазасы бойынша істі сот биыл мамыр айында қарай бастаған. Марқұмның анасы сот әділетті өтіп жатқан жоқ дейді.

– Міне, арқасын темекімен күйдірген. Қандай палатканы бұлар айтып отыр?! Жауыздар, жалғыз ұлымды өлтіріп берді. Қайдағы палатка, міне, денесінде сау жері жоқ! – дейді ұлын жоқтаған ана. – Куәгерімізді [соттан] алып тастап отыр. Видеокамераны, баламның киімін, эксгумация кезіндегі мойын сүйегін сарапшылар қасақана жойып жіберіп отыр. Осында жүрген барлық ата-ананың балалары қаза болған кезде бақылау камералары "істемей қалған". Біз әскерде жаңа реформа жүргізуді талап етеміз! Әскерге балаларымыз 25 жастан барсын.



Қазақстан армиясында реформа жүргізуді талап етіп, үкімет үйінің алдына келіп тұрған адамдардың бірі сырт киіміне тағып алған жазу. Астана, 10 қараша, 2025 жыл.

## "ЖУРНАЛИСТЕРГЕ ЖИЫНДЫ ТҮСІРУГЕ РҰҚСАТ ЖОҚ"

10 қарашада Астанадағы үкімет үйінің азаматтарды қабылдау орталығының кіреберісіне жиналған адамдарды әскери қызметкерлер мен үстіне қарапайым киім киген белгісіз біреулер видеоға түсіріп тұрды. Қорғаныс министрлігінің өкілі Тілеухан Басқожаев жиналған адамдарды қабылдап, оларды тыңдауға дайын екенін, бірақ азаматтарды қабылдау орталығының ішкі тәртібі бойынша журналистерге жиынды түсіруге рұқсат берілмейтінін айтты.

– Бұл менің емес, осы орталықтың регламенті. Оған біз жауап бермейміз. Тағы да айтамыз. Казір жүріңіздер, бәріңіз кіріңіздер. Ал документ, не мынау үшін (смартфонды көрсетті) жергілікті мекеменің құзыреті бар. Тізімде барлар да, жоқтар да кіріңіздер. Біз екінші қабатта күтіп отырмыз. Бірақ журналистерге біз жауап бермейміз, – деді Қазақстанның қорғаныс министрлігінің тәрбие және идеологиялық жұмыс департаментінің басшысы Тілеухан Басқожаев.

Үкімет үйіне кіріп шыққан Гүлмира Мұқажанова әскерде реформа жүргізу туралы талаптарын Қорғаныс министрлігінің өкілдеріне жеткізгенін айтты. Оның сөзінше, министрлік өкілдері айтылған реформаны жүргізуге "министрліктің құзыреті жоқ" деген.

Одан бөлек, үкімет үйінің алдына жиналған азаматтардың айтуынша, билікке талап айтып келген алты адамды құзырлы орган қызметкерлері ұстап әкеткен.



### ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

"Тек басынан сипадым". Сарбазды ұрған командир жеті жылға сотталды

## МИНИСТРЛІКТІҢ ЖАУАБЫ МЕН ПРЕЗИДЕНТТІҢ ТАПСЫРМАСЫ

Дүйсенбі күні түстен кейін Қорғаныс министрлігі азаматтардың шағымын жеке-жеке қабылдағанын айтып, әскердегі қауіпсіздік күшейтіліп жатқаны туралы мәлімдеме таратты.

"Өміріңді сақта", "Заң және тәртіп" және басқа да бағдарламалар іске асырылып жатыр. "Отбасымен бейнеқоңырау" сервисі арқылы сарбаздардың ата-анасымен тұрақты телефон байланысы ұйымдастырылған. Күнделікті жеке құрамның дене

бітімі тексеріледі. Казармалар мен қызметтен берілген үй-жайларда бейнекамералар орнатылған. Суицидтің алдын алу және қаруға қол жеткізуді бақылау мақсатында жасанды интеллект элементтері бар бейнебақылау жүйесі енгізіліп жатыр", – деп жазылған Қазақстанның қорғаныс министрлігі таратқан мәлімдемеде.

Ал ата-аналар билікке жеткізген талаптары қалай орындалатынын назарда ұстап, үкімет жұмысына бір ай бойы бақылау жүргізетінін, егер еш әрекет болмаса, бір айдан кейін үкімет үйіне қайтадан барып, талаптарын тағы да көтеретінін айтты.

10 қараша күні кешке Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев бас прокурор Берік Асылыққа әскерде қаза тапқан сарбаздардың ата-аналарынан түскен арыз-шағымды 12 күн ішінде қарап, істі тергеу барысында заңның сақталуына баға беруді тапсырды. Бұл туралы Тоқаевтың баспасөз хатшысы Руслан Желдібай хабарлады.



#### ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

Әскерде қатты жараланған Ербаян Мұхтар Түркияда кезекті рет ем алып, елге оралды



#### **Жолдас ӨРИСБАЙ**

Азаттық тілшісі, пропаганда және биліктің қоғамдық пікірді бақылауға талпынуына қатысты зерттеулер жасайды. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде бакалавр дәрежесін алған. АҚШ-тағы Мичиган штаты университетінде журналистика бойынша магистратураны тәмамдаған. Мақалалары халықаралық *Eurasianet*, *The Diplomat* басылымдарында және АҚШ-тың Мичиган штатындағы жергілікті газеттерде жарық көрді.

*«Тәуелсіз журналист биліктің жасырғысы келгенін әшкере етеді. Бірақ шындықты іздеу миссиясы қоғамдық мүддеге сай болмаса, оның да астарына үңілу керек. Себебі журналист үшін қоғамдық мүдде бәрінен жоғары. Әйтпесе, жақсы қоғам құру мүмкін емес».*

Email: [OrisbayevZ@rferl.org](mailto:OrisbayevZ@rferl.org)

ЖАҢАЛЫҚТАР

ЖАЛПЫ АРХИВ

---

Азат Еуропа / Азаттық радиосы © 2026, Inc. | Барлық құқықтары қорғалған